

ӨОЖ 347.9

Ж.Ж. Талипова, заң ғылымдарының магистрі

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ., Қазақстан Республикасы)

E-mail: zhanik0108@mail.ru

Азаматтық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері: құқықтық реттеу мәселелері

Аңдатпа. Мақалада азаматтық іс жүргізу, процеске қатысушылар туралы жалпы сипаттама, іске қатысушы тұлғалардың топтастырылуы, олардың іс жүргізуге қатысу тәртібі, сонымен қатар олардың құқықтары мен міндеттері жан-жақты қарастырылған. Азаматтық іс жүргізу - азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру кезінде сот пен процестің басқа да қатысушылары арасында қалыптасатын азаматтық іс жүргізу әрекеттері мен құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі. Осы іс жүргізудің басты мақсаты - бұзылған құқықты қалпына келтіру және заңмен қорғалатын мүддені қорғау. Іс жүргізу әрекеттері заңда белгіленген тәртіппен және қатаң ретпен жасалады. Заңда белгіленген тәртіп негізінде процестің барлық сатыларында азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастары туындайды, дамиды және тоқтатылады.

Түйін сөздер: азаматтық іс жүргізу, іске қатысушы тұлғалар, азаматтық процесс, тараптар.

Кіріспе. ҚР Конституциясында азаматтық сот ісін жүргізудің негізгі қағидалары бекітілді: баршаның заң мен сот алдындағы теңдігі; жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға қол сұғылмаушылық, өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау; сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы; өз құқықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғау құқығы және т.б.

Қазақстан Республикасында азаматтық істер бойынша сот төрелігі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын даулар бойынша азаматтық істердің сот отырыстарында азаматтық істерді қарау және шешу арқылы жүзеге асырылады. Азаматтық істерді қарау және шешу тәртібі ҚР Конституциясына, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексіне және басқа да заңдарға негізделген азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізіне ғылыми, диалектикалық, әлеуметтік, тарихи, салыстырмалы-құқықтық зерттеулердің жалпы және жеке ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Азаматтық сот ісін жүргізу – (азаматтық процесс) – сот ісін жүргізуге барлық қатысушылардың, оның ішінде сот актілерін орындау органдарының белгілі бір, ерекше, азаматтық іс жүргізу нормаларымен реттелген қызметі. Азаматтық іс жүргізу қатынастары талап қоюшының сотқа талап арыз, арыз немесе шағым түсірген кезде пайда болады. Азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттері іс жүргізудің мазмұнын құрайды.

Азаматтық сот ісін жүргізудің негізгі мақсаты, ең алдымен, даулы құқықтық қатынастар саласына тартылған барлық субъектілердің: азаматтардың, мемлекеттің, ұйымдардың және азаматтық, еңбек немесе өзге де құқықтық қатынастардың субъектілері болып табылатын басқа да адамдардың бұзылған мүдделерін қорғауға бағытталған. Іс жүргізу әрекеттері заңда белгіленген тәртіппен және қатаң ретпен жасалады. Заңда белгіленген тәртіп негізінде процестің барлық сатыларында азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастары туындайды, дамиды және тоқтатылады.

Азаматтық іс жүргізу соттың, тараптардың (талап қоюшы мен жауапкер), басқа да процеске қатысушылардың (прокурор, өкілдер, сот хатшысы және т.б.) процессуалдық әрекеттерін, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды. Сотқа, басқа да қатысушыларға процеске қатысу мақсатына жету үшін заңмен белгіленген іс жүргізу құқықтары беріліп, соған сәйкес іс жүргізу міндеттері жүктеледі. Іс жүргізу құқықтар мен іс жүргізу міндеттер процесі барысында жүзеге асырылады.

Азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарының субъектілері болып жеке және заңды тұлғалар танылады, соның ішінде ҚР азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар және шетел заңды тұлғалары. Жоғарыда аталғандардың барлығы азаматтық іс ке қатысушылар болып табылады. Азаматтық іске қатысушы тұлғалар деп – заңмен бекітілген субъективтік процессуалдық құқықтар мен міндеттерге ие қатысушыларды атайды. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АПК) 43-бабына сәйкес іске қатысатын адамдардың құрамы келесідей: тараптар; үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе ҚР АПК 55 және 56-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтар; осы Кодекстің 302-бабында санамаланған сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен өзге де мүдделі адамдар іске қатысатын адамдар [1].

Азаматтық процесте құқықтық қатынастар қалыптаспайды, оның субъектілері үшін заңдарда көзделген байланыстар мен іс-әрекеттердің ғана және олар жасалуға тиіс түрде маңызы бар.

Жалпы процеске қатысатын тұлғалардың құрамын іске қатысуына қарай келесідей топтастыруға болады:

- сот төрелігін жүзеге асыратын тұлғалар (судья, сот орындаушылары, сот приставы, сот отырысының хатшысы, консультант);
- іске қатысатын тұлғалар (тараптар, даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар, даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар, прокурор, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары,);
- сот өкілдері (адвокаттар, заңды тұлғалардың істері бойынша – осы заңды тұлғалардың жұмыскерлері, ал мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің істері бойынша – осы мемлекеттік органдардың жұмыскерлері және т.б.);
- сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін адамдар (куәгерлер, сарапшылар, аудармашылар, мамандар, мүлікті сақтаушылар және т.б.) [2].

Судья – азаматтық іс жүргізу қатынасының міндетті субъектісі болып табылады. Ол конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыратын, тәуелсіз, тек қана ҚР Конституциясына бағынатын, сот процесін мемлекет атынан жүргізетін лауазымды тұлға. Қазақстан Республикасында барлық судьялардың мәртебесі тең, олар тек өздеріне жүктелген өкілеттіліктерімен ғана ерекшеленеді. Егер дау медиация тәртібімен реттелмеген жағдайда, судья өзі сотта медиация жүргізу кезінде алған дәлелдемелерді іс жүргізуінде іс жатқан судьяға ұсына алмайды. Судья іс жүргізу кезінде процеске қатысушы азаматтардың барлығының да процеске қатысу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді, істің ақиқатын ашады, заңнамаға сәйкес шешім шығарады. Сот процесіне қатысатын куә, сарапшы мен маманға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді және істің нәтижесі басқа қатысушы адамның мүддесі үшін шешілуіне байланысты жалған немесе көрінеу ақпарат берген жағдайда ҚР заңнамасы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны туралы хабарлайды. Сонымен қатар куәнің өзінің жұбайы, туған туыстарына қарсы айғақтар беруден бас тартуға құқығы екендігін түсіндіреді. Сот іс жүргізуге қатысушы барлық тұлғаларды істің мән-жайын толық анықтау үшін тыңдауға міндетті.

Сот отырысының хатшысы – іс жүргізу кезінде сот отырысының хаттамасын жүргізетін, іске мүдделі емес тұлға. Хатшы процеске сот отырысы басталғаннан соңына дейін қатысуға міндетті, төрағалық етушінің рұқсатынсыз сот отырысынан шығуға рұқсат етілмейді. Хатшы сот отырыс барысында істің барысын хаттамасына сотқа қатысушы куәлардың, сарапшы, мамандардың және өзге де қатысушылардың өтініштерін, қарсылықтарын, түсініктемелерін және басқа да ақпараттарды тіркеуі тиіс. Егер сот жабық түрде өтетін, болса, сот процесі кезінде өзіне мәлім болған ақпаратты жарияламауға міндетті. Сот хатшысы хаттамаға енгізген мәлімет үшін жауапты болады, егер хаттамада шындыққа жанаспайтын мәлімте болса, онда ол ҚР заңнамасымен көзделген жауапкершілікке тартылады. Хатшы тараптардың сот отырысына келуін қамтамасыз етіп, істерді ресімдеп, сот актілері мен басқа да құжаттарды іс жүргізу нұсқаулығына сәйкес сатыларға жолдайды [3].

Азаматтық процесстегі тараптар субъективті құқықтары немесе заңмен қорғалатын жеке мүдделі туралы дауларын сот қарастырып, шешуі тиіс істегі қатысушы тұлғалар болып табылады. Бұл талап қоюшы мен жауапкер.

Талап қоюшы – өзіне тиесілі құқықтары мен міндеттерін қорғау үшін немесе бұзылған құқықтар мен міндеттерді қалпына келтіру үшін сотқа талап арыз жазу арқылы сотқа жүгінетін тұлға. Қазіргі таңда талап қоюшы сот процесіне екі негіз бойынша қатыса алады: өзінің құқықтары мен заңды мүддесін қорғау үшін талап қою арқылы; басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғау арқылы.

Жауапкер – талап қоюшының арызы бойынша жауап беретін, азаматтық процессте талапкерге қарсы жақ [4].

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар - бір немесе екі тарапқа талап қою арқылы істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға дейін процеске кірісе алады. Олар талапкердің барлық құқықтарын пайдаланады және барлық міндеттерін атқарады.

Сот істі сот талқылауына дайындау және қойылған талаптарда үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін екендігі туралы анық деректер болған кезде аталған адамдарға осындай өтініштің қабылданғаны туралы хабарлайды. Егер үшінші тұлға іске қатысу немесе бірінші сатыдағы сотта дербес талап қою құқығын іске асырмаса, сот істі талапкер қойған талап бойынша қарайды және шешеді.

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар – егер ол талапкердің немесе жауапкердің тарапындағы тараптардың біріне қатысты олардың құқықтарына немесе міндеттеріне ықпал етуі мүмкін болса, бірінші сатыдағы сот іс бойынша шешім шығарғанға дейін процеске қатыса алады. Олар тараптардың және іске қатысушы басқа да адамдардың өтініші бойынша немесе соттың бастамасы бойынша іске қатысуға тартылуы мүмкін. Сот істі сот талқылауына дайындау және қойылған талаптарда үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін екендігі туралы анық деректер болған кезде аталған адамдарға осындай өтініштің қабылданғаны туралы хабарлайды.

Дау нысанасына дербес талапты мәлімдемейтін үшінші адамның іске кіруі туралы шешімді сот істі сот талқылауына дайындау сатысында қабылдайды, іс бойынша шешім Тараптардың біріне қатысты олардың құқықтары мен міндеттеріне әсер етуі мүмкін болуына байланысты талап қоюшының немесе

жауапкердің тарапынан іске қатысады. Олар процеске іске қатысушы адамдардың өтініші бойынша немесе соттың бастамасы бойынша да тартылуы мүмкін. Үшінші тұлғалар, талап қоюдың негіздемесін немесе нысанасын өзгерту, талап қою талаптарының мөлшерін ұлғайту немесе азайту, талап қоядан бас тарту, талап қою талаптарын тану, бітімгершілік келісім, қарсы талап қою және сот шешімін мәжбүрлеп орындатуды талап ету құқығын қоспағанда, процесілік құқықтарды дербес талаптарсыз пайдаланады және тараптардың іс жүргізу міндеттерін атқарады.

Дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар іс жүргізу құқықтарын пайдаланады және тарапта қатысатын тараптың іс жүргізу міндеттерін атқарады. Жеке құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау үшін талап қоюшының талап арызынан өзгеше дербес талап қою беру жолымен бірінші сатыдағы сот сот қаулысын қабылдағанға дейін іске кіріседі. Олар талапкердің барлық құқықтарын пайдаланады және барлық міндеттерін атқарады. Осы құқықтық қатынастар субъектілеріне қатысты сот оларды қаралатын істе үшінші тұлғалар деп тану туралы немесе оларды осындай деп танудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады, оған жеке шағым берілуі мүмкін. Кіру туралы дербес талапты мәлімдейтін үшінші тұлғалардың ісі сот ұйғарымы шығарылады [5].

Прокурор – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау үшін. Сонымен қатар ұйымдардың, қоғамдық және мемлекеттік мүддені қорғау үшін, сот процесі кезінде заңдылықты қамтамасыз ететін лауазымды тұлға. Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәл және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды мемлекет атынан ҚР Бас прокуроры тікелей және оған бағынысты прокурорлар арқылы жүзеге асырады.

Прокурордың азаматтық процеске қатысуының екі түрі бар:

1) Басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында азаматтық іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы талап-арызбен, өтінішпен сотқа жүгіну азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау үшін арызды, егер азамат денсаулық жағдайы, жасы, әрекетке қабілетсіз және басқа да дәлелді себептер бойынша өзі сотқа жүгіне алмаған жағдайларда ғана прокурор бере алады.

2) Өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін іс бойынша қорытынды беру үшін өз бастамасы бойынша немесе соттың бастамасы бойынша процеске кіру.

Прокурор қорытындысы іс үшін маңызды барлық жағдайларды, сондай-ақ қолдануы тиіс материалдық құқықтық нормаларын талдау мен зерттеуге негізделуі тиіс. Сот прокурор қорытындысы негізделмеген немесе заңсыз деп есептесе іс бойынша қорытындымен келіспеуге құқылы [6].

Адвокат – заң мәселелері бойынша түсіндірмелер, кеңес беретін, өзіне жүктелген міндеттерді атқаратын, кәсіби құқықтық көмек көрсететін, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын тұлға.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы қандай да болмасын мәліметтер өзіне белгілі болған кез келген адам куә бола алады. Сот процесіне куә ретінде шақырылған тұлға сот белгілеген уақытта келуге және өзіне мәлім ақпаратты шынайы айтуға міндетті. Куәнің сотқа шақырылуына байланысты шығыстарды өтетіруге және уақытын жоғалтуына байланысты ақшалай өтемақы алуға құқығы бар. Шығыстар мен өтемақылардың мөлшері Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалады. Егер сот процесіне шақырылған куә ауруының, қарттығының, мүгедектігінің немесе басқа да дәлелді себептерге байланысты келе алмаса, онда сот куәнің болағн жерінде жауап алуы мүмкін. Іске қатысушы куә өзінің жұбайына, жақындарына, туған-туыстарына қарсы айғақ бермеуге құқылы және де сот процесі кезінде басқа адамның мүддесі үшін жалған немесе көрінеу мәлімет бергені үшін ҚР қылмыстық заңнамасында көзделген жауаптылыққа тартылады.

Сот ісін жүргізу барысында судья сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесуші тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, сонымен қатар егер аталған тұлғалар сот барысында сот процесіне қатысушы тараптардың бірінің мүддесіне шешілуіне байланысты жалған немесе көрінеу мәлімет беретін болса, олар қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны жайлы ескертіледі, ол туралы сарапшыдан, маманнан, аудармашыдан қолхат алады және сол қолхат сот отырысының хаттамасына тіркеледі. Сонымен қатар сарапшының сараптама жасау үшін келесідей әрекеттер жасауға құқықтары бар: іс материалдарымен танысуға, қорытынды беру үшін қажетті қосымша материалдармен танысуға, сот процесіне қатысуға, сот процесіне қатысатын тұлғаларға сараптама жасау үшін қажетті мәліметті алу үшін сараптама нысанына қатысты сұрақтар қоюға, сараптамалық зерттену нәтижесі бойынша тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасына енгізілген мәліметтің дұрыс болуы үшін тиісті ескертпелер енгізуге, аудармашының көмегін пайдалануға немесе одан бас тартуды мәлімдеуге, сараптама жүргізу кезінде шекеен шығыстардың өтемін алуға немесе сараптама жүргізу өзінің лауазымдық шеңберіне кірмейтін жағдайда сыйақы алуға құқығы бар. Сарапшы соттың шақыртуы бойынша сот процесіне қатысуға, сот сараптамасын жан-жақты, толық және объективті түрде жүргізуге, заңдамада көзделген реттерде қорытынды беруден бас тартуға, қорытынды беру мүмкін емес жағдайда дәлелді жазбаша хабарлама жасауға және оны сотқа жіберуге, берілген қорытындыға байланысты айғақтар беруге, зерттеліп жатқан объектілердің сақталуын қамтамасыз етуге, сараптама жүргізуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді жария етпеуге міндетті [7].

Прокурор, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың өкілдері, сотқа басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға жүгінген азаматтар бірінші болып түсініктемелер береді. Іске қатысушы адамдар бір-біріне сұрақтар қоюға құқылы.

Қорытынды. Сонымен қорыта келгенде, іске қатысатын адамдардың келесідей құқықтары мен міндеттері көрсетілген: іске қатысушы адамдардың іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға және көшірмелерді түсіруге; қарсылық білдіруге; дәлелдемелер ұсынуға және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәларға, сарапшыларға және мамандарға сұрақтар қоюға; өтінішхаттарды, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету жөнінде, дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану туралы, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, бітімгерлік рәсімдерді қолдану туралы өтінішхаттарды мәлімдеуге; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер; басқа адамдардың өтініштері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертулер беруге; соттың шешіміне, ұйғарымдары мен қаулыларына шағымдануға; Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасында берілген басқа да іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқылы. Олар өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарын басқа адамдардың құқықтарын теріс пайдаланбастан, олардың мүдделерін бұзбай адал пайдалануға және істі қарау мен шешу мерзімдерін қасақана созуға жол бермеуге тиіс [8].

Іске қатысатын адамдар істің нақтылы мән-жайлары туралы сотқа толық әрі шынайы түрде мәлімдеуге, сөз сөйлеуге немесе сотқа екінші тарап растаған фактілерді теріске шығаратын жазбаша құжаттар ұсынуға міндетті. Іске қатысатын адамдардың процестік міндеттерін орындамауы ҚР АПК-да көзделген процестік салдардың туындауына әкеп соғады.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттер жазбаша нысандағы не электрондық құжат нысанындағы арыздар мен өтінішхаттарды, құжаттарды беру арқылы жасалуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі (2020.10.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32683909.

2 Бексултанова Р.Т. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Казусная технология. Сборник казусов по гражданскому процессу и постановлений Верховного Суда РК по вопросам гражданского процессуального права: учебное пособие. – Астана: Фолиант, 2014. – 440 с.

3 Дүйсенова Ж. Сот отырысының хатшысы және оның сот жүйесіндегі рөлі [Электрондық ресурс] / Ж. Дүйсенова // «ALASH INFORM» қазақ ақпарат агенттігі. – Кіру режимі: <http://social.alashinform.kz/kz/zakonpravo/220-sot-otyrysyny-hatshysy-zhne-ony-sot-zhyesndeg-rl.html>.

4 Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: В двух томах. – Т. 1. Общая часть (Темы 1-15). Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 128 с.

5 Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Оқулық. 2 басылым. – Астана: Фолиант, 2012. - 392 б.

6 Иванов В.А. Прокурорский надзор по гражданским делам. – Ленинград, 1968. – 144 с.

7 Іске қатысушылардың құқықтары мен міндеттері [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, 2014. – Кіру режимі: <https://zhmb.sud.kz/kaz/sub/moyinkum/iske-katysushylardyn-kukyktary-men-mindetteri>.

8 Іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері қандай? [Электрондық ресурс] // Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, 2018. – Кіру режимі: <http://www.adilet.gov.kz/kk/faq/iske-katysushy-tulgaldyn-kukyktary-men-mindetteri-kanday>.

REFERENCES

1 «Kazakhstan Respublikasynyn Azamattyn procestik Kodeksi» Kazakstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 31 kazandagy № 377-V Kodeksi (2020.10.01. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen) [Code of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2015 No. 377-V "Civil procedure code of the Republic of Kazakhstan" (with amendments and additions as of 10.01.2020)].(n.d.).<https://online.zakon.kz>. Retrieved from: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32683909/ [in Kazakh].

2 Beksultanova, R.T. (2014). Grazhdanskoe protsessualnoe pravo Respubliki Kazahstan. Kazusnaya tehnologiya. Sbornik kazusov po grazhdanskomu protsessui postanovleniy Verhovnogo Suda RK po voprosam grazhdanskogo protsessualnogo prava: uchebnoe posobie [Civil procedural law of the Republic of Kazakhstan. Casual technology. Collection of cases on civil procedure and decisions of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan on civil procedure law: textbook]. Astana: Foliant [in Russian].

3 Duysenova, Zh. (2014). Sot otyryisyinyin hatshyisyi zhane onyin sot zhuyesindegi roli [Secretary of the court session and its role in the judicial system]. Kazakh news Agency "ALASH INFORM" social.alashinform.kz. – Retrieved from: <http://social.alashinform.kz/kz/zakonpravo/220-sot-otyrysyny-hatshysy-zhne-ony-sot-zhyesndeg-rl.html/> [in Kazakh].

4 Baymoldina, Z.H. (2001). Grazhdanskoe protsessualnoe pravo Respubliki Kazahstan: V dvuh tomah. T. 1. Obschayachast (Temyi 1-15). Uchebnyk [Civil procedural law of the Republic of Kazakhstan: In two volumes. Vol. 1. General part (Themes 1-15). Tutoria]. – Almaty: Kazakh Juridical Academy [in Russian].

5 Egemberdiev, E.O. (2012). Kazakstan Respublikasyinyin azamattyik is zhurgizu kukiyyigi: Okulyik. 2 basyilyim. [Civil procedural law of the Republic of Kazakhstan: textbook. 2 ed.]. Astana: Foliant [in Kazakh].

6 Ivanov, V.A. (1968). Prokurorskiy nadzor po grazhdanskim delam [Prosecutor's supervision in civil cases]. Leningrad [in Russian].

7 Iske katyisushyilardyn kukiiktary men mindetteri [Rights and obligations of participants in the case]. *sud.gov.kz*. Retrieved from: <https://zhmb.sud.kz/kaz/sub/moyinkum/iske-katysushylardyn-kukiiktary-men-mindetteri/> [in Kazakh].

8 Iske katyisushyi tulgalardyn kukiiktary i men mindetteri kanday? [What are the rights and obligations of persons participating in the case?]. - Retrieved from: <http://www.adilet.gov.kz/kk/faq/iske-katysushyi-tulgalardyn-kukiiktary-men-mindetteri-kanday/> [in Kazakh].

Ж.Ж. Талипова, магистр юридических наук

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар, Республика Казахстан)

E-mail: zhanik0108@mail.ru

Права и обязанности лиц, участвующих в гражданском производстве: проблемы правовой регламентации

В статье подробно рассмотрены гражданское производство, общая характеристика об участниках процесса, классификация лиц, участвующих в деле, порядок их участия в производстве, а также их права и обязанности. Гражданское судопроизводство - система правовых норм, регулирующих гражданско-процессуальные действия и правоотношения, формируемые между судом и другими участниками процесса при отправлении правосудия по гражданским делам. Главной целью данного производства является восстановление нарушенного права и защита охраняемых законом интересов. Процессуальные действия совершаются в порядке и строгом порядке, установленном законом. На основании установленного законом порядка на всех стадиях процесса возникают, развиваются и прекращаются гражданско-процессуальные правоотношения.

Ключевые слова:*гражданское производство, лица, участвующие в деле, гражданский процесс, стороны.*

Zh. Zh. Talipova, master of law

Innovative University of Eurasia (Pavlodar, Kazakhstan Republic)

E-mail: zhanik0108@mail.ru

Rights and obligations of persons involved in civil proceedings: problems of legal regulation

The article describes in detail the civil proceedings, the General characteristics of the participants of the process, the classification of persons involved in the case, the order of their participation in the proceedings, as well as their rights and obligations. Civil procedure is a system of legal norms regulating civil procedural actions and legal relations formed between the court and other participants of the process in the administration of justice in civil cases. The main purpose of this production is restoration of the violated right and protection of interests protected by the law. Procedural actions shall be carried out in accordance with the procedure and strict procedure established by law. On the basis of the procedure established by law at all stages of the process, civil procedural relations arise, develop and cease.

Key words:*civil proceedings, persons involved in the case, civil proceedings, parties.*